

Павлодар облысында бастапқы алюминий өндіру жөніндегі электролиз зауытын салуды қамтамасыз ететін шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 23 желтоқсан N 1345

Қазақстан экономикасын дамыту үшін бастапқы алюминий өндіру жөніндегі электролиз зауытын салудың ерекше маңызын, мұның өзі кейін оның базасында бірқатар жанама өндірістер, соның ішінде түсті металдардың (алюминийдің) түпкі қайта бөлістері өнімдерін және алюминий профилін дамытуға мүмкіндік беретінін ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларында Павлодар облысында бастапқы алюминий өндіру жөніндегі электролиз зауытын (бұдан әрі - электролиз зауыты) салуды көздерін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті:

1) мынадай :

зауыт құрылысын аяқтау кезінде жылына 240 000 (екі жүз қырық мың) тонна көлемінде өнім шығаратын электролиз зауытын Павлодар облысында салуды; осы тармақшаның екінші абзацында көрсетілген көлемде электролиз зауытының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қазақстандық тауар өндірушілерден глинозем мен электр энергиясын кепілді түрде сатып алуды жүзеге асыру;

"Қазақстан алюминийі" ААҚ акцияларының мемлекеттік пакетіне меншік құқықтарының сатып алушыға көшуімен бірге 2007 жылғы 31 желтоқсанға қарай қуаты жылына 60 000 (алпыс мың) тонна өнім өндіретін электролиз зауыты бірінші кезегінің іске қосылуын қамтамасыз ету шарттарының міндетті түрде сақталуымен заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақстан алюминийі" ашық акционерлік қоғамы акциялары мемлекеттік пакетінің (бұдан әрі - "Қазақстан алюминийі" ААҚ акцияларының мемлекеттік пакеті) жарғылық капиталының 31,76 (отыз бір бүтін жүзден жетпіс алты) пайызы мөлшерінде тендерде сатылуын жүзеге асырсын;

2) осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген тендерге қатысушылардың назарына жеткізсін және бұдан әрі "Қазақстан алюминийі" ААҚ акцияларының мемлекеттік пакетін сатып алу-сату шартында мынадай талапты көздерін:

осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген тендер шарттарын сатып алушы орындамаған жағдайда және осы қаулыда көзделген талаптар мен тапсырмаларды мемлекеттік органдар орындаған кезде "Қазақстан алюминийі" ААҚ акцияларының

мемлекеттік пакетін сатып алумен және электролиз зауытын салумен байланысты шығындар сатып алушыға өтеуге жатпайды.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) артықшылықтар беру үшін бастапқы алюминий өндірісін қызметтің басым түрлеріне (экономика секторларына) енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлесін;

2) "Қазақстан алюминийі" ААҚ акцияларының мемлекеттік пакетін сатып алушымен электролиз зауытын салумен, соның ішінде мемлекеттік заттай грант түрінде электролиз зауытын салуға жер телімімен байланысты оған жеңілдіктер мен артықшылықтар беруді көздейтін келісім-шарт жасассын.

4. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі өтінімдердің берілуіне қарай бір ай мерзімде заңнамада белгіленген тәртіппен оларды жобалау мен салудың бүкіл кезеңіндегі электролиз зауыты объектілерінің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізісін.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі электролиз зауыты үшін қажетті электр тарту желілері салынуын келісуді қамтамасыз етсін.

6. Павлодар облысының әкімі "Қазақстан алюминийі" ААҚ акцияларының мемлекеттік пакетін сатып алушымен келісім бойынша электролиз зауытын салуға жер телімдерінің бөлінуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) "Жекешелендірудің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 1556 қаулысына :
1-тармақтың 1-тармақшасы алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы кен-металлургия саласының кейбір ұйымдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қазандағы N 1087 қаулысына :
1-тармақтың 1-тармақшасы алынып тасталсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі